

# Қарақия



№41 (1274) 9 қазан 2025 жыл

ГАЗЕТ ӘР АПТАНЫҢ БЕЙСЕНБІ КҮНІ ШЫҒАДЫ

газет 1985 жылдың  
1 шілдесінен шыға бастады

## ■ БЕКЕТ АТА – 275



ӨТКЕН АПТАДА  
МАҢҒЫСТАУДЫҢ ТОБЫҚТЫ  
ЖЕРІНДЕ ШОПАН АТА  
РУХЫНА ЖӘНЕ БЕКЕТ АТА  
МЫРЗАҒҰЛУЛЫНЫҢ 275  
ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН АС  
БЕРІЛДІ. ЕКІ КҮНГЕ  
СОЗЫЛҒАН АСТА ПАЛУАНДАР  
САЙЫСЫ, ӨЛКЕЛІК  
ӨНЕРПАЗДАРДЫҢ КОНЦЕРТІ,  
ТАНЫМАЛ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ  
ТАҒЫЛЫМДЫ ОЙ-ТОЛҒАУЫ  
ЖӘНЕ ШОПАН АТА ЖҮЛДЕСІ  
ҮШІН АЛАМАН БӘЙГЕ  
ӨТКІЗІЛДІ. СОНДАЙ-АҚ  
«МАҢҒАЗ ӨЛКЕ  
МАҚАМДАРЫ» АТТЫ ЖЫР  
КЕШІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП,  
ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН 70 КЕЛІГЕ  
ДЕЙІНГІ САЛМАҚТА ШОПАН  
АТА ЖҮЛДЕСІНЕ АРНАЛҒАН  
ЖАРЫС ӨТТІ. БҮЛ САЙЫСҚА  
ШЫМКЕНТ, АТЫРАУ, ҰЛЫТАУ  
ЖӘНЕ МАҢҒЫСТАУ  
ОБЛЫСТАРЫНЫҢ АУДАНДА-  
РЫНАН 18 ЖАСТАН АСҚАН  
17 СПОРТШЫ ҚАТЫСТЫ. БАС  
ЖҮЛДЕ – 2 МИЛИОН ТЕҢГЕ.  
БҰҒАН ДЕЙІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ДЕНГЕЙДЕ ҒЫЛЫМИ КОНФЕ-  
РЕНЦИЯ ДА  
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН  
БОЛАТЫН.

## ТОБЫҚТЫ ТӨРІНДЕ – ҰЛТ РУХЫ ЖАҢҒЫРДЫ



Еліміздің түкпір-түкпірінен келген жұрт Тобықтыдағы Пір атаның жер асты мешітіне бас сұғып, баба рухына Құран бағыштап, бесін намазын оқыды. Одан соң жұртшылық асқа арнайы тігілген қатар-қатар ақшаңқан үйлерге беттеді. Айтулы асқа Қарақия халқы да бір кісідей атсалысып, Ата рухын асқақтатуға қызмет етті.

– Бекет ата – күллі қазақ баласына және түркі дүниесіне ортақ әулие. Оның үстіне атаның мәңгілік мекені – Қарақия ауданы аумағындағы Оғыланды жерінде орналасқан зираты біз үшін үлкен мақтаныш. Сондықтан Қарақия жұрты бұл астың абыроймен өтуіне ерекше үлес қосуы тиіс, - дейді ауыл ардагерлері.

Айта кетейік, Бекет атаның Тобықтыдағы мешітін Атаға арнап құрдасы Бөкен Байсал Мырзаболатұлы салған. Есімі күллі Алаш жұртына мәшһүр әулие – Пір Бекет атаның 275 жылдығына арналған ұлан-асыр астың тағылымдық мәні зор болды. Ас қонақтарын қарсы алуға әр өңірден 100-ден астам киіз үй тігілді. Алыс-жақыннан келген қонақтар ізгі тілектерін білдіріп, қоғам және мемлекет қайраткерлері сөз сөйледі.



– Ас – елдің бірлігі мен берекесі үшін қажет. Бекет ата – күллі түркінің Пірі болған Қожа Ахмет Яссауи жолын жалғаған, машайықтар мекені – Маңғыстаудың ғана емес, түркі халықтарына ортақ әулие. Бекет атаның феномені – сөз бастаған шешен, қол бастаған көсем, елдістірген елші, шипасы қонған емші, еліне пана, жұртына дана болған сан қырлы тұлға. Бекет атаның 275 жылдығына арналған астың «Ақтау – түркі әлемінің астанасы» жылы аясында өтуі тегін емес. Оның үстіне, 3 қазан – Түркітілдес елдердің ынтымақтастық күні екенін атап өткен жөн, – деді ҚР Парламенті Сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі.

Сондай-ақ Жаңаөзен қаласының Құрметті азаматы Өтебай Бігіков:

– Бекет атаның бес баласының бірі – Жайлау. Мен – сол Жайлаудың ұрпағымын. Құлдан деген кісінің немересімін. Атамыздың 250 жылдығына да қызмет еткен едік. Бұл жолы Пір атаның 275 жылдығына арналған асқа Жаңаөзен, Ақтау қалалары мен Бейнеу ауданынан, сондай-ақ Ақтөбе мен Қостанай облыстарында тұратын қосқұлақ ағайындар болып, бес ағаш үй тіктік. Атамыздың төрт мешіті бар екені мәлім. Ұйымдастыру алқасының шешімімен бұл жолы Тобықтыда өткізу ұйғарылды. Бекет ата – барша қазаққа ортақ тұлға, – деді.

– Айтулы аста айтылған тілек, оқылған дұға қабыл болып, ел-жұртымыз бай-қуатты, берекелі ғұмыр кешсін! – дескен көпшілік рухани серпіліп, бір жасап қайтты.

## ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

## БІЛІМ ДОДАСЫ – БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРЫ



ҚАРАҚИЯ АУДАНЫНДА МҰҒАЛІМДЕР КҮНІНЕ ОРАЙ «ШӘКІРТ  
АРМАНЫНЫҢ ҚАНАТЫ – ҰСТАЗ» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК САЛТАНАТТЫ  
КЕШ ӨТТІ.

Мерекелік жиынға аудан әкімі, Маңғыстау облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары, аудандық мәслихат төрағасы мен депутаттар, аудан әкімінің орынбасарлары, ардагерлер кеңесінің төрағасы, сала ардагерлері, білім беру ұйымдарының басшылары, ұстаздар династиясы және жас мамандар қатысты.

Құрық ауылындағы «Нүргелді» салтанат сарайында ерекше форматта ұйымдастырылған басқосу «Жетібай сазы» ансамблінің орындауындағы күмбірлеген күймен басталды.

Кіре берісте сап түзеген озат оқушылар ардагер аналар мен ұлағатты ұстаздарға гүл шоқтары мен құттықтау хаттарын табыстап, қошемет көрсетті.

Жиынды ашқан аудан басшысы Сымбат Төрегаев жүрекжарды лебізін жеткізіп, ұстаздар қауымын кәсіби мерекелерімен құттықтады.

– Соңғы жылдары білім саласына айрықша көңіл бөлініп келеді. Соның арқасында ауданымыздың білім сапасы ҰБТ қорытындысы бойынша облыс көлемінде үшінші орынға көтерілді. Бұл – ұстаздардың еңбегі. Ендігі мақсат – осы жетістікті арттыра отырып, сапаны жаңа деңгейге көтеру. Сол үшін мұғалімдерді ынталандыру шаралары қолға алынып жатыр, – деді ол.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылды «Білім жылы» деп жариялауы – бұл саланың дамуына тың серпін берді. Облыс әкімі Нұрдәулет Ігілікулының бастамасымен «Үздік орта білім беру ұйымы» грантын жеңіп алған мектеп қызметкерлеріне үстематқы төлеу ұсынылып отыр. Осыған орай Қарақия ауданында да арнайы байқаулар өткізу жоспарланған.

Атап айтқанда:

- «Үздік білім беретін мектеп – 2026» байқауының бас жүлдесіне автокөлік табысталамақ;
- «Үздік мектепке дейінгі ұйым – 2026» жеңімпазы заманауи жабдықталған кабинетпен марапатталады;
- 2025–2026 оқу жылы қорытындысында үздік 23 мұғалімге – отандық және шетелдік шипажайларға жолдама беріледі;
- Үздік 20 оқушыға – бір реттік шәкіртақы және республикалық лагерлерге жолдама қарастырылған.

Мұндай бастамалар білім саласындағы бәсекелестікті арттырып қана қоймай, ұстаз бен шәкірттің еңбегін ел алдында дәріптеуге мүмкіндік береді деп күтілуде.

Салтанатты кеш барысында бірқатар ұстаздар мен ардагерлер облыс және аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталды.

Сонымен қатар, жалпы еңбек өтілі 190 жылды құрайтын «Ұстаздар династиясы» – Шілдебаевтар әулеті кештің құрметті қонағы болды.

Мерекелік жиында 24 жас маман адал қызмет етуге ант қабылдап, оларға алғашқы еңбек кітапшасы салтанатты түрде табысталды. Жас ұстаздарға бата берген – Алтынсарин төсбелгісінің иегері, Құрық ауылы №6 мектептің алғашқы директоры, Қазақстан Республикасының журналистика саласы бойынша «Еңбек Ері» атанған ардагер ұстаз Асылбек Сүйсұханұлы Айдаров болды.



Салтанатты шара барысында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ержан Бегниязов, аудандық мәслихат төрағасы Жанғабил Қалаубай, ардагер ұстаздар мен Құрық өнер мектебінің ұжымы құттықтау сөздер айтып, ән-күй тарту етті.

Сонымен бірге жиынға қатысқан ардагер ұстаздарға олардың шәкірттері жолдаған бейнеқұттықтаулар көрсетіліп, әрқайсысына 30 мың теңгелік сертификат табысталды.

Ұйымдастырушы – аудандық білім бөлімінің басшысы Өсербай Табыншаев. Жаңа тағайындалған басшының алғашқы ұйымдастырған шарасы көпшіліктің көңілінен шықты. Ендігі мақсат – білім сапасын жаңа биіктерге көтеру.

Аудан басшысы да жаңа басшыға сәттілік тілеп, нақты тапсырмалар жүктеді. Айта кетейік, Қарақияда білім беру саласында мыңға жуық қызметкер еңбек етеді. Бұл – бір сала емес, тұтас бір білім армиясы.

– «Жүзден жүйрік, мыңнан тулпар» шыққан ұжымға автокөлік табыстайтынымды уәде етемін, – деді аудан басшысы.

Ендеше, сәттілік! Бас жүлде кімге бұйырар екен?!

Бетті дайындаған Ш.КЕНДІН.



## МӘСЛИХАТ

ЖАҚЫНДА ҚАРАҚИЯДА VIII ШАҚЫРЫЛҒАН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ XXX-СЕССИЯСЫ ӨТТІ. ЖИЫНДЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАФАСЫ ЖАНҒАБЫЛ БЕКМОЛДАУЛЫ ЖҮРГІЗДІ. СЕССИЯ ЖҰМЫСЫНА АУДАН ӘКІМІ МЕН ОРЫНБАСАРЛАРЫ, ДЕПУТАТТАР, БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫ, ПАРТИЯ ЖӘНЕ АРДАҒЕРЛЕР ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ.

# ЕЛ ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛСІН

Күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралды:

- Аудан әкімінің 2025 жылдың 1 қазанына дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму бағытында атқарған жұмыстары туралы есебі тыңдалды;
- Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарын айқындау;
- «2025–2027 жылдарға арналған ауылдық округтердің бюджеттері туралы» шешімге өзгеріс енгізу;
- Ауданның Құрмет грамотасымен марапаттау туралы шешімдер;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия құрамы;
- Құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрамы;
- Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия құрамы;
- Мемлекеттік рәміздер жөніндегі аудандық комиссияны құру және оның құрамына өзгерістер енгізу.

Барлық ұсынылған мәселелер депутаттар тарапынан бірауыздан қолдау тапты.

Жиынды қорытындылаған аудан әкімі Сымбат Төретаев ел мүддесін көтеріп, халық атынан ұсыныс айтып жүрген депутаттарға ризашылығын білдірді. Ол барлық сын-ескертпелер мен ұсыныстарды назарға алып, тиімді жұмыс істеу қажеттігін баса айтты. Бірқатар жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктеді.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ.**

БҮГІН БІЗ ЕЛ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕТІН, ҚОҒАМДА КЕҢ ЕТЕК АЛҒАН ТЕРІС ҚҰБЫЛЫС – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАУ ҮШІН ЖИНАЛЫП ОТЫРМЫЗ. БҮЛ – ТЕК ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҒАНА ЕМЕС, ӘРБІР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ, ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ.



# АДАЛ ҚЫЗМЕТ – ТАЗА БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Сыбайлас жемқорлық – әділдік пен заң үстемдігін жоққа шығаратын, мемлекеттік басқару жүйесінің беделіне нұқсан келтіретін қауіпті дерт. Ол ел экономикасына, қоғамдағы сенімге және болашақ ұрпақтың тәрбиесіне кері әсер етеді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде бірнеше рет: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала береді», – деп атап өтті.

Осыған байланысты елімізде бірқатар маңызды құжаттар қабылданды, атап айтқанда:

- 2022–2026 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР заңы;
- Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі.

Мемлекеттік қызметкердің басты міндеті – халыққа адал қызмет ету, ашықтық пен заңдылықты ұстану. Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі ең тиімді құрал – алдын алу шаралары. Яғни:

- Қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдаланбау;
- Қызметтік жағдайды жеке мүддеге қолданбау;
- Қоғаммен кері байланысты нығайту;
- Жұмыс барысында әділ әрі ашық болу.

Сондай-ақ, біз өзіміздің әріптестерімізге, жас мамандарға үлгі болуымыз қажет. Біздің әрекетіміз арқылы қоғамның билікке деген сенімі артады немесе керісінше азаяды.

Адалдық – басты қағида. Адал болу – тек заң талаптарын сақтау емес, бұл – ішкі мәдениет пен адамгершілік қасиеттің көрінісі. «Адал қызмет – таза болашақ кепілі» деген ұстанымды әр мемлекеттік қызметші өмірлік қағидасына айналдыруы қажет.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда ұжым ішіндегі ашықтық, есеп берушілік, ұжымдық бақылау және жеке жауапкершілік үлкен рөл атқарады. Сыбайлас жемқорлықпен күрес – жүйелі, бірізді әрі тұрақты жүргізілуі тиіс. Әрқайсымыздың адалдығымыз, заңға деген құрметіміз және ұстанымымыз – осы күрестегі басты құрал.

Мемлекет мүддесі үшін, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік үшін, ел игілігі үшін адал қызмет етейік!

**Абай НҮРЖАНОВ,**  
**аудандық мемлекеттік кірістер**  
**басқармасының салық төлеушілермен**  
**жұмыс бөлімінің басшысы.**

# ҒЫЛЫМ МЕН ТӘЖІРИБЕ ҮНДЕСТІГІ

АУДАН ӘКІМІ СЫМБАТ ҚУАНЫШҰЛЫ ТӨРЕТАЕВ ҚАЗАҚ МЕДИЦИНА ҒЫЛЫМЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ, МЕДИЦИНА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР ТӨЛЕБАЙ ҚОСИЯБЕКҰЛЫМЕН КЕЗДЕСТІ.



Кездесу барысында еліміздің денсаулық сақтау жүйесінің дамуы, медициналық білім беру сапасы, кәсіби мамандар даярлау, болашақ ұрпақ тәрбиесі жайында пікір алмасты.

Төлебай Қосиябекұлы – медицина саласындағы тәжірибелі маман, ғылым және басқару саласында үлкен еңбек сіңірген тұлға.

Ол ұзақ жылдар бойы:

- Семей мемлекеттік медицина университетінің ректоры,
- Премьер-министрдің кеңесшісі,
- Бірқатар ұлттық компанияларда әлеуметтік жобалар

жетекшісі қызметтерін атқарған.

Қазіргі таңда ол – Астана қаласындағы «Медициналық университет Астана» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

Ғалым «Парасат» ордені мен «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері. Қазақстан мен шетел басылымдарында жарияланған көптеген ғылыми еңбектер мен оқу құралдарының авторы.

Аудан басшысы құрметті мейманға алғыс айтып, Қарақия өңіріндегі денсаулық сақтау саласының қазіргі жай-күйі мен алдағы жоспарлар туралы қысқаша ақпарат берді.

Ш.КЕНДІН.

## ЭПИДЕМИОЛОГИЯ

# ҚҰТЫРМАДАН АБАЙ БОЛАЙЫҚ!

ҚҰТЫРМА – АДАМ ӨМІРІНЕ АСА ҚАУІПТІ, ЕМДЕЛУІ МҰМКІН ЕМЕС, БІРАҚ АЛДЫН АЛУҒА БОЛАТЫН ЖҰҚПАЛЫ АУРУ. БҮЛ – ЖЕДЕЛ ВИРУСТЫ ЗООНОЗДЫ НЕЙРОИНФЕКЦИЯ. ЯҒНИ, АДАМ АҒЗАСЫНА АУРУ ЖҰҚТЫРҒАН ЖАНУАРДЫҢ СІЛЕКЕЙІ АРҚЫЛЫ ЕНЕДІ. ӘДЕТТЕ БҮЛ ИТ, МЫСЫҚ СИЯҚТЫ ҮЙ НЕМЕСЕ ЖАБАЙЫ ЖАНУАРЛАР ТІСТЕГЕНДЕ, ТЫРНАҒАНДА НЕМЕСЕ СІЛЕКЕЙІ ЗАҚЫМДАЛҒАН ТЕРІГЕ ТИГЕН КЕЗДЕ ОРЫН АЛАДЫ. АУРУ ҚОЗДЫРҒЫШЫ – NEURORVIRUS RABID ВИРУСЫ, ОЛ ОРТАЛЫҚ ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІНЕ, ӘСІРЕСЕ МИ ЖАСУШАЛАРЫНА АУЫР ЗАҚЫМ КЕЛТІРЕДІ.

Құтырма ауруы клиникалық тұрғыда гидрофобиямен (судан қорқу) және аэрофобиямен (ауа ағынына сезімталдық) сипатталады. Аурудың ағымы өте ауыр, энцефаломенингит түрінде өтеді және көп жағдайда өліммен аяқталады. Бұл дерттің ерекшелігі – сирек кездескенімен, жұққан жағдайда оны емдеу мүмкін емес. Сондықтан жалғыз жолы – уақытылы алдын алу шараларын жүргізу.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, жыл сайын құтырма салдарынан 50 мыңға жуық адам және 1 миллионнан астам жануар қаза табады. Қазақстанда да бұл мәселе өзекті. 2022 жылдың қорытындысы бойынша республика көлемінде тұрғындар арасында құтырма ауруының бір жағдайы Түркістан облысында тіркелді. Науқас 2008 жылы туған, оны қаңғыбас ит тістеп алған. Сол жақ балтырынан жарақат алғанымен, уақытында дәрігерге қаралмаған және антирабиялық вакцина алмаған. Соның салдарынан бала қайғылы жағдайға ұшырады.

Құтырма ауруының қауіптілігі – оның емі жоқ. Дегенмен, бұл дерттен сақтанудың нақты жолы бар. Ол – уақытылы құтыруға қарсы екпе алу. Бұл вакцина Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен куәландырылған және елімізде тұрғындарға тегін түрде егіледі. Егер адам жануардан зардап шексе, яғни тістеп, тырнап немесе сілекейі тиген болса, дереу тұрғылықты жері бойынша травматологиялық пунктке барып, антирабиялық екпе алу керек. Ең алдымен жарақатты сабынмен және таза сумен мұқият жуып, жара маңын йодпен залалсыздандыру қажет. Кейін міндетті түрде дәрігерге қаралып, екпе алу керек.

Айта кету керек, екпе аш қарынға салынбайды. Вакцинация алдында адам тамақтануы тиіс. Сонымен қатар екпе курсы кезінде және аяқталғаннан кейінгі алты ай ішінде алкогольдік ішімдік ішпеу, ауыр дене еңбегімен айналысуға, қатты суықтауға болмайды. Бұл ережелерді ескермеу иммундық жүйенің әлсіреуіне, екпенің тиімділігінің төмендеуіне, тіпті аурудың асқынуына әкелуі мүмкін.

Қарақия ауданы бойынша 2025 жылдың алғашқы 9 айында жануар тістеуінен зардап шеккен 52 жағдай тіркелді. Алайда, өлім-жітім тіркелген жоқ. Дегенмен, бұл санның өзі сақтық шараларын естен шығармау



керектігін көрсетеді. Әсіресе үй жануарларын асырауда жауапкершілік танытып, оларды уақытылы ветеринарға көрсетіп, екпе салдыру қажет. Егер белгілі бір ит немесе мысық адамды жарақаттаса, ол жануарды өлтірмей, мал дәрігеріне көрсету керек. Ветеринар жануарды 10 күн бақылауға алып, осы кезеңде зардап шеккен адамға 3 рет екпе тағайындалады. Ал егер жануар қашып кетсе немесе өліп қалса, 5 рет екпе салу қажет болады.

Құтырма – алдын алуға болатын ауру. Ол үшін әр адам өзінің және жақындарының өміріне бейжай қарамауы тиіс. Балаларды үй жануарларынан сақтандыру, мінез-құлқында ауытқу бар жануарларды оқшаулау және міндетті түрде дәрігерге көрсету – ең басты сақтық шаралары. Ит, мысық асырайтын кез келген жануар бұл жануарларға уақытылы құтыруға қарсы екпе салдыруы тиіс. Бұл – өз өміріңізді ғана емес, айналаңыздағы жандардың да амандығын сақтаудың жолы.

**А.ЛЕПЕСОВА,**  
**аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау бөлімінің бас маманы.**

# 45 КҮНДІК «ТАЗА МАҢҒЫСТАУ» ЧЕЛЛЕНДЖІ – «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ НАУҚАНЫ АЯСЫНДАҒЫ ЖАҢА АУҚЫМДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБА

Осы Ереже 45 күндік «Таза Маңғыстау» әлеуметтік-экологиялық челленджінің мақсаттарын, міндеттерін, өткізу тәртібі мен оған қатысу шарттарын анықтайды.

Байқаудың ұйымдастырушысы – Маңғыстау облысы әкімдігінің ақпарат және қоғамдық даму басқармасының қолдауымен мемлекеттік әлеуметтік тапсырмасының қолдауымен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жобаны жүзеге асыратын «Эко Маңғыстау» үкіметтік емес мекемесі.

Челлендж «Таза Қазақстан» ұлттық идеясы аясында өткізілуде және Маңғыстау облысында экологиялық мәдениетті дамытуға, қоғамдық белсенділікті арттыруға, өңір тұрғындарын қоршаған ортаны қорғау және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі тәжірибелік іс-әрекеттерге тартуға бағытталған.

- «Таза Маңғыстау» челленджінің мақсаттары
- Тәжірибелік эко-іс-әрекеттерге тарту арқылы Маңғыстау облысының тұрғындарының экологиялық мәдениетін қалыптастыру;
  - Қоршаған ортаға уқыпты қарауға тәрбиелеу және әрбір азаматтың жеке жауапкершілігін дамыту.
  - Тұрғындардың қоршаған ортаны қорғау және өңір аумақтарын абаттандыру саласындағы белсенділігін арттыру;
  - «Таза Қазақстан» ұлттық идеясын іске асыруға азаматтық қоғамның қатысуын кеңейту;
  - Тұрақты әдеттерді қалыптастыру үшін жастар мен өскелең ұрпақты экологиялық бастамаларға тарту.
  - Қалдықтарды бөлек жинауды, айналымды экономиканы, энергияны үнемдеуді және көгалдандыруды танымал ету арқылы тұрақты даму қағидаларын насихаттау;
  - Әлеуметтік оң үлгі жасау, тұрғындар, ұйымдар және бизнес арасындағы өзара көмек пен ынтымақтастық тәжірибесін дамыту.
- Байқаудың өткізілетін мерзімі: 13 қазаннан 26 қарашаға дейін қоса алғанда (45 күн).

#### Қатысу тәртібі:

- Instagram әлеуметтік желісінде @tazamangystau арнайы парақшасы құрылды;
  - Челленджге 1 адам немесе ұйымның/мекеменің ұжымдық тобы қатыса алады.
- Қатысушылар 45 күн бойы өздерінің күнделікті экологиялық бастамалары, іс-әрекеттері мен науқандары туралы күнделікті посттарын жариялайды;
- @tazamangystau парақшасында осы жарияланымдардың репосттары жасалып, 45 күн бойы таратылады;
  - Әрбір қатысушы немесе топ <https://forms.gle/yu2kYhxeMaGo4pue6> сілтемесі бойынша онлайн «ЕсоИгілстер» күнтізбесін» дербес жүргізеді.

#### Қатысу неліктен маңызды:

Қоршаған ортаны қорғау – әрбір азаматтың міндеті. Челленджге қатысу арқылы сіз өз үлесіңізді қосып қана қоймай, айналаңыздағыларды экологияға қамқорлық жасауға шабыттандырасыз. Маңғыстауды біз бірлесіп таза етіп, гүлдендіре аламыз!

#### «Таза Маңғыстау» челленджіне қатысушыларға қойылатын талаптар:

- Қатысудың ашықтығы: Челленджге Маңғыстау облысының кез келген тұрғыны (жеке) және өңір мекемелерінің/ұйымдарының ұжымдары қатыса алады.
- Посттардың мазмұны:
  - Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нақты іс-әрекеттерді көрсету (тазалық науқандары, ағаш отырғызу, қалдықтарды қайта өңдеу, суды үнемдеу және т.б.);

- Экологиялық мәселелер туралы ақпарат тарту және оң өзгерістерге шақыру;
- Посттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде сапалы, түсінікті және қызықты болуы керек.

- Қатысу үшін мыналар қажет:**
  - Қатысу үшін Instagram әлеуметтік желісіндегі @tazamangystau арнайы парақшасына жазылу керек
  - 45 күн бойы өз іс-әрекеттеріңіз туралы жарияланымдарды – посттарды (сторис емес) орналастыру керек және оларды 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін бүкіл байқау барысында, постты жариялау кезінде Байқаудың ресми парақшасының бірлескен авторлығын міндетті түрде көрсете отырып, ашық қолжетімді түрде сақтау қажет; (бірлескен авторлықты дұрыс пайдалану Өтініш берушінің жауапкершілігі болып қалады).
  - Мына хэштегтерді міндетті түрде қолдану қажет: #ТазаҚазақстан #ТазаМаңғыстау

- Әрбір қатысушы немесе топ <https://forms.gle/yu2kYhxeMaGo4pue6> сілтемесі бойынша онлайн «ЕсоИгілстер» күнтізбесін» міндетті түрде дербес жүргізеді.

- Сіздің іс-әрекеттеріңіздің дәлелдік қоры — «дейін/кейін» фотосуреттер/бейнелер, қолтаңбадағы (немесе қадірдағы) геотаңбасы және күні.

- Қоғамдық этика: Посттарда заңды бұзатын немесе басқа қатысушыларға немесе қоғамға зиян келтіретін немесе жәбірлейтін материалдар болмауы керек. Науқандарды өткізу кезінде қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет.

- Міндетті шарттар (бағалауға рұқсат беру)**
  - Күнделікті іс-әрекеттер және тіркесу — Барлық 45 күн ішінде күніне ең кемінде 1 аяқталған экологиялық іс-әрекет. Күнделікті контент: не/қайда/қашан/нәтижесі көрсетілген пост және фотосурет/бейне. Рұқсат беру шегі: күнделікті 45 жарияланымның кемінде 40-ы, бірлескен авторлық пен хэштегтерді көрсетуді орындау, өрескел бұзушылықтардың болмауы.

- Тақырыптық тректер**
  - Таза аумақтар (аулаларды, жағажайларды, саябақтарды, аула алаңшаларын тазалау); бей-берекет қоқыс алаңдарының картасын жасау және оларды жою; «таза аула – таза аудан» шағын рейдтерін ұйымдастыру және т.б.).
  - Қалдықтарды бөлек жинау және қайта өңдеу (қағаз, пластик, батареяларды, техниканы тапсыру; қалдықтарды бөлек жинауға арналған ауланың/мектептің шағын орындарын ұйымдастыру; қайталама шикізаттан пайдалы заттар жасау; көршілердің қатысуымен науқандар өткізу және т.б.).
  - Су мен қуат (құбыр шүмектерінен су ағып кетуін жою және тұрмыста суды үнемдеу); шамдарды қуат үнемдейтін нұсқаларына/LED шамдарға ауыстыру; пластик бөтелкелердің орнына көп мәртелік бөтелкелерге көшу; көміртегілік ізді азайту үшін жаяу және велосипед бағыттарын танымал ету және т.б.).
  - Көгалдандыру және күтім жасау (аулалар мен көшелерге ағаштар, бұталар, гүлдер отырғызу); жасыл көшеттерді үнемі суару және күтім жасау; мектеп пен ауланың жасыл аумақтарын құру; жасыл аумақтарды қалпына келтіру жөніндегі науқандарға

- қатысу және т.б.).
- Оқу-ағарту және тарту (балалар мен жастарға және өзгелерге арналған сабақтар мен дәрістер өткізу; экологиялық әдеттер талқыланатын аула кездесулері); эко-квесттер мен викториналар ұйымдастыру; эко-кеңестері бар қысқа бейнероликтерді жариялау және т.б.).
- Айналымды экономика (ескі заттарды жөндеу (жиһаз, киім, техника); «Заттарды айырбастау» науқандарын өткізу (эко-своптар, жәрмеңкелер, дармаркалар); «Заттардың екінші өмірі» шеберлік сабақтарын ұйымдастыру; қалдықтардан пайдалы заттарды жасау (мысалы, пластиктен жасалған астаулар) және т.б.
- Сандық экология және инновациялар (қағазға басып шығарудан бас тарту – электрондық құжаттарды пайдалану); эко-қосымшаларды насихаттау (қайта өңдеу орындарының карталары, көміртегілік ізді есепке алу және т.б.); экология жөніндегі онлайн курстар мен оқу-ағартушылық бейнелер және т.б.).

- Ұйымдарға/ұжымдарға қойылатын шектеулер

Қатысушылардың барлық санаттары үшін тең қатысу шарттарын қамтамасыз ету мақсатында келесі шектеулер қойылады:

  - Ұйымдар мен мекемелердің міндетті жоспарлы іс-шараларының қатарына кіретін іс-әрекеттер (жыл сайынғы санитарлық тазалау, коммуналдық қызметтердің ағымдық іс-шаралары, мектептердің жоспарлы сабақтары және т.б.) есепке алынбайды.
  - Лауазымдық міндеттердің немесе күнделікті қызметтің шегінен тыс бастамалар ғана есепке алынады.
  - Гранттар аясында жобаларды іске асыратын ҰЕҰ үшін гранттық міндеттемелердің бөлігі болып табылмайтын, бірақ қосымша бастамашылық етілген іс-шаралар ғана есепке алынады.

| Өлшемшарттар                              | Ұпайлар         | Сипаттамасы                                                                                                           |
|-------------------------------------------|-----------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Белсенді қатысу                           | 20 ұпайға дейін | Посттардың саны мен тұрақтылығы (күнделікті іс-әрекеттер)                                                             |
| Аудиторияны тарту                         | 20 ұпайға дейін | Жалған арттыруға жол бермеу үшін лайктар, репосттар, пікірлер, стористердегі еске салулар және қамтулар ескерілмейді. |
| Контенттің сапасы мен түпнұсқалығы        | 20 ұпайға дейін | Көрнекі және мағыналы тартымдылық, ұсынудың түпнұсқалығы                                                              |
| Экологиялық маңыздылығы                   | 20 ұпайға дейін | Қоршаған ортаны жақсартуға нақты үлес қосу (тазалау, ағаш отырғызу, оқу-ағарту және т.б.)                             |
| «Таза Қазақстан» идеологиясына сәйкестігі | 20 ұпайға дейін | Хэштегтерді, слогандарды пайдалану және науқан рухына сәйкестік                                                       |

**Ең көп ұпай: 100 ұпай**

| Өлшемшарттар                                      | Ұпайлар         | Сипаттамасы                                                                         |
|---------------------------------------------------|-----------------|-------------------------------------------------------------------------------------|
| Қамту және топтың қатысуының ауқымы               | 20 ұпайға дейін | Қатысушылардың саны және олардың белсенділігі                                       |
| Өткізілген іс-шаралардың ауқымы                   | 20 ұпайға дейін | Өткізілген науқандардың көлемі мен маңызы, аумақтарды қамту                         |
| Шығармашылығы және көрнекі түрде ұсыну            | 20 ұпайға дейін | Қызықты форматтар, сторителлинг, бейне/фотожарияламалар                             |
| Жергілікті қауымдастықты тарту                    | 20 ұпайға дейін | Тұрғындарды, ұйымдарды тарту, бизнеспен серіктестік                                 |
| Көрінерлік нәтижесі мен бастамалардың тұрақтылығы | 20 ұпайға дейін | Әсердің тұрақтылығы: құрылған нысандар, мінез-құлық өзгерістері, жұмысты жалғастыру |

**Ең көп ұпай: 100 ұпай**

- 1 ұпай – әрбір өткізіп алған күн үшін, 5-тен көп өткізіп алу үшін – шығарып тасталады.
- 2 ұпай – міндетті хэштегсіз/бірлескен авторлық көрсетілмеген жарияланым үшін.
- 1 ұпай - геотаңбаның/күннің/ «дейін-кейін» деректердің болмауы үшін.
- 5 ұпай – қауіпсіздік ережелерін сақтамау/мүлкті зақымдау үшін.
- 10 балл – жалған деректер үшін – комиссияның шешімімен шығарып тасталады.

Қорытындыны арнайы комиссия челлендж аяқталғаннан кейін Ережеде көрсетілгендей растайды.

- Тай-брейктер (егер ұпайлар тең болса)
- Көлемді нақты әсер (өлшемшарт).
- Өткізіп жіберусіз қатаңырақ тәртіп.
- Қатысқан жаңа адамдардың саны;

- Жеңімпаздар мен марапаттар:**

Жеңімпаздарды анықтау үшін арнайы комиссия құрылады және челлендж соңында Байқаудың барлық шарттарын орындаған және ең көп ұпай санын жинаған азаматтар мен ұжымдар марапатталады.

45 күндік «Таза Маңғыстау» челленджінің жүлде қоры – 7 млн. теңге.

**Жеңімпаздар екі санатта таңдалады:** жеке және ұжымдық.

Жеке санаттағы жеңімпаздардың жүлде қоры – 2 млн. теңге (1-орын – 1 млн. теңге, 2-орын – 600 мың теңге, 3-орын – 400 мың теңге).

Ұжымдық санаттағы жеңімпаздардың жүлде қоры – 5 млн. теңге (1-орын – 2,5 млн. теңге, 2-орын – 1,5 млн. теңге, 3-орын – 1 млн. теңге).
- Марапаттау рәсімі** облыс деңгейінде жұртшылық пен БАҚ өкілдерінің қатысуымен өтеді.

- Жоба үйлестірушісі: «Эко Маңғыстау» ҰЕМ Бағалау өлшемшарттары: Жеке қатысушылар:**

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«BECARYS» ЖШС Маңғыстау облысында галафиттерді өсіру жөніндегі Ауыл шаруашылығы фермасы Қосащы учаскесінде Каспий теңізінің жағалау бөлігінде су тартқыш салу (Орта Каспий және ауыл шаруашылығы дақылдарын (Галафиттерді) суару мақсаттары үшін су құбырын салу) жобасына Қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп тақырыбында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізетінін хабарлайды.

**Қоғамдық тыңдау 2025 жылы 14 қараша сағат 11:00-де өтеді.**  
**Өткізу орны:** Маңғыстау облысы, Құрық ауылы, мәдениет үйінің ғимаратында өтеді.  
**Онлайн қосылымға сілтеме:** <https://us05web.zoom.us/j/2703168932?pwd=OTVCTmhlb1gyVklwWlFBaXN6NzRLZz09&omn=88922099968>.  
**Конференция идентификаторы** 270 316 8932. **Кіру коды:** 96c0iG **Тапсырыс беруші:** «BECARYS» ЖШС, БСН 200140013591, Астана қ., Е-10 көше, 17Б үй, 6-пәтер .  
**Жобаны әзірлеуші:** «BasTau Innovation» ЖШС, БСН 200140013591, Атырау облысы, Атырау қ., Е.Бығалиева көше, 2/2, e-mail: [info@beck.kz](mailto:info@beck.kz), [tender@beck.kz](mailto:tender@beck.kz)

**Жергілікті атқарушы орган:** «Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, әл. пошта: [s.bazarbay@mangystau.gov.kz](mailto:s.bazarbay@mangystau.gov.kz), тел: 8(7292) 43-10-88; Жобалық құжаттама НБД СОС и ПР <https://ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings> сайтында орналастырылған.

## ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «BECARYS» объявляет, что проводит общественные слушания по Отчету о возможных воздействиях на окружающую среду к проекту Сельскохозяйственная ферма по выращиванию галафитов в Мангистауской области. Строительство водозабора в прибрежной части Каспийского моря на участке Косащы (Средний Каспий и водопровода для целей орошения сельскохозяйственных культур (Галафитов).

**Слушания состоятся:** 14 ноября 2025 года в 11:00 ч.  
**Место проведения:** Мангистауская область, село Курык, здание Дома культуры.  
**Ссылка на онлайн подключение:** <https://us05web.zoom.us/j/2703168932?pwd=OTVCTmhlb1gyVklwWlFBaXN6NzRLZz09&omn=88922099968>
**Идентификатор конференции:** 270 316 8932, **Код доступа:** 96c0iG  
**Заказчик:** ТОО «BECARYS», БИН 200140013591, г.Астана, ул. Е-10, дом 17Б, кв. 6  
**Разработчики проектов:** ТОО «BasTau Innovation», БИН 040640006374, Атырауская область г.Атырау, ул. Е.Бығалиева, 2/2, e-mail: [info@beck.kz](mailto:info@beck.kz), [tender@beck.kz](mailto:tender@beck.kz)  
**Местный исполнительный орган:** ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», ответственное лицо Базарбай Сабина Саламатқызы, эл.почта: [sbazarbay@mangystau.gov.kz](mailto:sbazarbay@mangystau.gov.kz), тел. 8 (7292) 43-10-88; Документация по проекту размещена на сайте НБД СОС и ПР <https://ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>.



ҰСТАЗ МӘРТЕБЕСІ

## ҮЛКЕНДЕР ЖОЛЫ – ҰЛЫЛЫҚ

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ҚАРАҚҰДЫҚ МЕКТЕБІНДЕ ҰСТАЗДАР КҮНІ ЕРЕКШЕ МӘНДІ, МАЗМҰНДЫ ТҮРДЕ АТАЛЫП ӨТТІ. 3 ҚАЗАН КҮНІ МЕКТЕП БАСШЫСЫНЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЫМЕН БАСТАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ШАРА БАРЫ-СЫНДА ҰСТАЗДАР МЕН КІШІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ АУЫЛ ӘКІМІ, АУДАНДЫҚ КӘСПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ, МЕКТЕП БАС-ШЫСЫ МЕН МЕКТЕПТЕГІ КӘСПОДАҚ БАСШЫЛАРЫНЫҢ МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУЛАРЫ ЖЕТКІЗІЛІП, АЛҒЫС ХАТТАР ТАБЫСТАЛДЫ.



Мерекелік шара музей жетекшісінің ұйымдастыруымен өткізілген «Үлкендер жолы – ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып!» атты ардагер ұстаз, зейнеткер ұстаз Дауылбаева Бақтыгүл Әлқуатқызымен өткізілген кездесу кешіне ұласты.

Зейнеткер ұстаз Б. Дауылбаеваның еңбектерімен таныстыру, ізгі жолын кейінгі жас мамандарға үлгі ету мақсатында кездесу кешіне дейін жас мамандар, оқушылар және ауыл тұрғындары арасында «Бақтыгүл Әлқуатқызын танысыздар ма?» деген сауалнама жүргізілген болатын.

Сауалнама қорытындысы бойынша, біреулер ұстаз туралы жақсы пікірлер айтып, ой бөліссе, енді бірі ол кісіні естімегенін білдірді. Сондықтан да зейнеткер ұстаздарымызды ардақтап, олардың еңбекжолын үлгі ретінде таныстыру – басты мақсат.

Мектеп басшысы Айгүл Доғдырбайқызы сөз кезегінде Бақтыгүл Әлқуатқызынан оқушы кезінде тәлім-тәрбие алғанын, кейін әріптес ретінде бірге қызмет еткен уақытында ұстаздың ізденімпаз, шығармашылықпен жұмыс істейтін талапшыл маман екенін айтып өтті. Сонымен қатар, облыстық және республикалық деңгейдегі жетістіктеріне де тоқталып өтті.

«Сұхбаттасу орындығына» отырған ұстазға бірнеше жедел сұрақтар қойылып, балалық шағы мен еңбекжолы туралы айтылды. «Көрермендер көзайымы» айдарында көрермендер арасында ұстаздар туралы нақыл сөздер айтып жарысты. Күй тартылып, ән шырқалды.

Сөз кезегін алған әріптестері – Раушан Қоразова, Мереке Ізтұрғанова, Гүлсағия Әшімова ұстаз жайлы естеліктерімен бөлісіп, оны жас мамандар үшін мол мұра қалдырған ұстаз ретінде бағалады.

Музей жетекшісі Жәния Өмірбайқызы Дауылбаева Бақтыгүлдің басылым беттерінде жарық көрген мақалалары мен республикалық деңгейде қорғалған ғылыми жұмыстары туралы баяндап, оларды жас мамандарға үлгі етті. Сондай-ақ, бұрын қолмен (машинкамен) жазылған еңбектері қазір компьютерге теріліп, электрондық түрде жинақталып жатқанын айтып өтті.

Ұстаздар жайында халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы: «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақты ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбеккер егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» – деген.

Ендеше, Дауылбаева Бақтыгүл Әлқуатқызы жас ұрпаққа тәлім-тәрбие берген, жас маман тәрбиелеуде үлгі үлес қосқан ардақтауға лайық жан.

Кеш соңында Бектұрлы Айшолпанның орындауындағы «Ұстазым» әні шырқалып, қонақтар естелік суретке түсті. Еңбек еткен жылдарында кейінгі ұрпаққа мол мұра қалдырған үлкендердің жолы – ұлылық. Кейінгі ұрпағы соны ұғынып, оның ізін жалғастырып кете алса, әрбір еңбек адамы үшін бұдан артық арман жоқ.

Жәния БЕСІНБАЕВА,  
Қарақұдық мектебінің музей жетекшісі.

ҰСТАЗ – СӨНБЕС ШЫРАҚ. СОЛ ШЫРАҚТЫҢ ЖАРЫҒЫ ТАЛАЙ ШӘКІРТТІҢ ЖҮРЕГІНЕ СӘУЛЕ ТҮСІРЕДІ. САНДАҒАН ШӘКІРТ ЖҮРЕГІНЕ БІЛІМ НӘРІН СЕУІП, ШЫРАҒЫН ЖАҚҚАН АРДАҚТЫ ЖАНДАР – ҚОЖАХМЕТ АҒАЙ МЕН ҚАЗИМА АПАЙЫМЫЗДЫҢ ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕГІН КЕЙІНГІ ҰРПАҚҚА НАСИХАТТАУ МАҚСАТЫНДА ҚАРАҚҰДЫҚ МЕКТЕБІНДЕ ТАРИХ, ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯ ПӘНДЕРІ БІРЛЕСТІПІ БІРГІПІ ЕСКЕ АЛУ КЕШІН ӨТКІЗДІ.

## ҰСТАЗДЫ ҰЛЫҚТАУ – РУХАНИ ПАРЫЗ



Кеш қонақтары құрметпен өмірін білім саласына арнаған қос ардақты ұстазды бір минут үнсіздікпен еске алды. Сөз кезегін алған мектеп басшысы Избасарова Айгүл Доғдырбайқызы қонақтарды жылы жүзбен қабылдап, ол кісілердің мектеп өміріндегі орны мен шәкірт жүрегінде қалдырған ізі жайлы таныстырып өтті.

Кеште ардагер ұстаздардың өмірбаяны мен еңбекжолы таныстырылып, шәкірттері мен әріптестері жылы лебіздерін білдірді. Оқушылар арнау өлең оқып, ән-күй тарту етті. Қожахмет ағай мен Қазима апайдың

балалары мен туыстары да кешке қатысып, мектеп музейіне ұстаздардың суреттерін тарту етті.

Қазима Сүндетова – 40 жылдық еңбек өтілі бар тарих пәнінің мұғалімі. Ол «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі» төсбелгісімен және түрлі марапаттармен нағдалған. Қожахмет Есіркепов – физика-математика пәнінің білікті маманы, бірнеше буын шәкірт тәрбиелеген ұстаз.

Кеш соңында шәкірттері мен әріптестері ардақты ұстаздардың жарқын бейнесі мәңгілік жүректерінде сақталатынын

айтып, алғыстарын білдірді. Бұл кеш – тек еске алу ғана емес, ұрпаққа үлгі, ұстазға тағзым болған тағылымды шара болды. Ұстазды ұлықтап, жас келер ұрпаққа үлгі ету – аға буын өкілдерінің рухани парызы деп білеміз. Ұрпақ тәрбиесіне өлшеусіз үлес қосқан қос бірдей педагогтің жарқын бейнесі шәкірт жүрегінде мәңгі сақталады.

Самал СӘМЕТҚЫЗЫ,  
Қарақұдық мектебінің тарих пәні мұғалімі.

## АРДАГЕР ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ

ШӘКІРТТЕРІН БІЛІМ НӘРІМЕН СУСЫНДАТЫП, ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ БЕРІП, ЖАҚСЫ ҚАСИЕТТЕРДІ БОЙЫНА ДАРЫТЫП, АДАМ-ГЕРШІЛІК РУХТА БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРУДЕ ҰСТАЗДЫҢ ЕҢБЕП ЗОР. СОНДЫҚТАН ДА ОЛ ӘРДАЙЫМ ҚАСИЕТТІ ТҮЛІҒА РЕТІНДЕ ЕРЕКШЕЛЕНЕДІ. БІЛІМ КӨШІН ЖЫЛЖЫТЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫНА ҚҰРМЕТ АРТА БЕРМЕК.

Мереке қарсаңында Қарақия ауданының әкімі Сымбат Төретаев бірқатар ардагер ұстаздардың үйіне арнайы барып, мерекелерімен құттықтады. Түрлі тәттілер мен сыйлықтар табысталып, жылы лебіздер айтылды.

– «Ұстаз болу – үлкен жауапкершілік пен шексіз төзімділікті талап ететін қасиетті мамандық. Сіздердің шәкірт тәрбиелеу жолындағы қажырлы еңбектеріңіз әрдайым құрметке лайық. Ұстазға деген

ризашылық – мәңгілік. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға амандық тілеймін», – деді аудан басшысы өз құттықтауында.

Сонымен қатар, ардагер ұстаздарды аудан әкімінің атынан құттықтаулар жалғасып, ұстаздар көрсетілген құрметке алғыс білдіріп, шәкірттерінің жетістігі – ең үлкен марапат екенін жеткізді.

## БАЛА – БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ

БАЛА – ҰЛТТЫҢ ЕРТЕҢ, ҚОҒАМНЫҢ КЕЛЕШЕГІ. БҮГІНГІ ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН БҮЛДІРШІН – БОЛАШАҚ ҰСТАЗ, ДӘРІГЕР, ҒАЛЫМ, БАСШЫ, ЕЛ ҚОРҒАУШЫ. СОНДЫҚТАН ДА БАЛА ТӘРБИЕСІ – ЖАУАПТЫ ӘРІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ӨТЕ ЖОҒАРЫ МІНДЕТ.

Мектепке дейінгі кезең – баланың тұлға болып қалыптасуының іргетасы қаланатын алтын уақыт. Бұл кезеңде баланың ой-санасы, дүниетанымы, мінез-құлқы, сөйлеу және қарым-қатынас дағдылары қалыптаса бастайды. Балабақша – осы дамудың бастауы ғана емес, бала өміріндегі алғашқы ұжымдық орта. Осында алған тәлім-тәрбие оның бүкіл өміріне әсер етеді.

Тәрбиеші тек білім беруші ғана емес, ол — бала жанының бағбаны, оның өмірге деген көзқарасын қалыптастырушы. Әрбір тәрбиеші баланың ішкі әлеміне ыңле алуы, оны түсіне білуі, бағыт бере алуы тиіс. Себебі әр бала – ерекше, әрқайсысы өз мүмкіндігі мен қабілеті арқылы болашағын жасайды. Атақты педагог Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы мүмкін емес. Ойын – дүниеге ашылған үлкен жарық терезе сияқты, сол арқылы баланың рухани байлығы мен жасампаз өмірі ұштасып, айналасындағы дүние туралы түсінік алады», – дегендей, ойын ойнап өскен баланың болашағынан үлкен үміт күтуге болады. Ойынның ойды-тілді дамытатынын ескере отырып, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттің мақсаты мен мазмұнына қарай ойын түрін іріктеп, оны жүргізе білу тәрбиешіден асқан шеберлікті қажет етеді.

Бүгінгі балабақша тәрбиешісінің міндеті – баланың бойына



ұлттық құндылықтарды, адамгершілікті, патриоттық рухты, еңбекке, үлкенге құрмет сезімін дарыту. Сонымен қатар заманауи технологияларды, ойын арқылы оқыту тәсілдерін тиімді пайдалана отырып, балаға қызықты, қауіпсіз әрі пайдалы орта қалыптастыру деп білемін.

Бала – үміт, бала – сенім, бала – елдің болашағы. Ендеше, баланы тәрбиелеу – ұлтқа қызмет етудің ең ұлы жолы.

Лаура ТАЛПАТҚЫЗЫ,  
Облыстық санаторлық мектеп-интернаттың тәрбиешісі.

|                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Меншік иесі:</p> <p><b>MAŃGYSTAŪ MEDIA</b></p> <p>Директор –<br/><b>Әнуарбек Бимағамбет</b></p> <p>Қабылдау бөлімі, тел.факс: 20-48-34<br/>mangystau.media@mail.ru</p> | <p><b>Қарақия</b></p> <p>АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ</p> <p>Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13357-Г куәлігі берілген.</p> <p>Редактор – <b>Ш.КЕНДІН</b></p> | <p>Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС ақпарат және дизайн орталығында беттелді.</p> <p>Жетекші – <b>Гүлнара ТАСБОЛАТОВА</b>.<br/>Беттеуші дизайнер – <b>Ш.Аязбаева</b></p> <p>«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды.<br/>060005.</p> <p>Атырау қаласы,<br/>Ж.Молдағалиев көшесі, 29А.<br/>Тел.8 7122 458-660, 586-392.<br/>Тапсырыс: 1184</p> | <p>Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.</p> <p>Жарияланған материалдарды сілтеме-сіз көшіріп басуға болмайды.</p> <p>Жарнама, хабарландырулар мазмұны-на редакция жауап бермейді.</p> <p>Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.</p> <p>Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.</p> <p>Таралымы: 356. Индекс: 65681.<br/>газеттің бағасы келісімді.</p> | <p><b>АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ</b></p> <p><b>10 ҚАЗАН</b><br/>түнде: +14   күндіз: +23</p> <p><b>11 ҚАЗАН</b><br/>түнде: +13   күндіз: +20</p> <p><b>12 ҚАЗАН, ЖАНБЫР</b><br/>түнде: +13   күндіз: +20</p> <p><b>13 ҚАЗАН</b><br/>түнде: +11   күндіз: +18</p> <p><b>14 ҚАЗАН, ЖАНБЫР</b><br/>түнде: +11   күндіз: +19</p> |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|